

Салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есепке қою, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті беру және қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есептен шығару ережелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Мемлекеттік кіріс министрінің 2001 жылғы 15 желтоқсандағы N 1736 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылғы 28 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1781. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 25 наурыздағы N 157 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2007 жылғы 25 наурыздағы N 157 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың тақырыбы өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қоса беріліп отырған Салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есепке қою, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті беру және қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есептен шығару ережелері бекітілсін.

Ескерту: 1-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

2. Әдістемелік департаменті осы бұйрықты мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне жіберсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынасқа таралады.

Министр

Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік кіріс Министрінің
2001 жылғы 15 желтоқсандағы
N 1736 бұйрығымен
бекітілді

Салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есепке қою, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті беру және қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есептен шығару ережелері

Ескерту: Ереженің тақырыбы және кіріспе өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

Осы Ереже "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы N 209-II Кодексіне сәйкес әзірленді және қосылған құн салығы бойынша салық төлеушілерді есепке қою, қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті беру және қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есептен шығару тәртібін белгілейді.

1. Жалпы бөлім

1. Қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға Кодекстің 208-бабына сәйкес белгіленген талаптарға сәйкес мынадай тұлғалар жатады:

1) жеке кәсіпкерлер;

2) заңды тұлғалар;

3) тұрақты мекеме арқылы Қазақстан Республикасында қызметін жүзеге асыратын резидент еместер.

Қосылған құн салығын төлеушінің өтініші бойынша Кодекстің 208-бабының 6 және 7-тармақтарына сәйкес қосылған құн салығын дербес төлеушілер болып танылған оның құрылымдық бөлімшелері қосылған құн салығы бойынша есепке қоюға жатады.

2. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою осы Ереженің 1-тармағында көрсетілген тұлғаның салық төлеушілерді мемлекеттік тіркеу рәсімінен өткеннен кейін (немесе бір уақытта) жүзеге асырылады және салық төлеушілерді тіркеу есебі нысанының бірі болып табылады.

3. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою салық төлеушілер туралы тіркеу деректемелеріне енгізу жолымен жүзеге асырылады. Салық төлеушілер туралы тіркеу деректемелерінің мәліметтерінен қосылған құн салығын төлеушілер туралы дерекқор қалыптасады.

Ескерту: 3-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

4. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою кезінде салық төлеушінің тіркелу орны бойынша салық органы (бұдан әрі - салық органы) мыналардың негізінде қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті (бұдан әрі - Куәлік) салық төлеушіге береді:

1) белгіленген нысан бойынша салық органына берілген қосылған құн салығы

бойынша есепке қою туралы өтініш (бұдан әрі - Есепке қою туралы өтініш);

2) қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы салық органының шешімі (бұдан әрі - Есепке қою туралы шешім).

2. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы өтінішті беру тәртібі

5. Есепке қою туралы өтініш осы Ереженің 6-тармағында көрсетілген жағдайларды есептегенде, осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес 342.00 нысаны бойынша салық органына беріледі.

342.00 нысан бойынша Есепке қою туралы өтініш қағаз түрінде ғана жасалады, қара немесе көк сиялы қаламмен немесе қаламұшпен немесе баспа құрылғыларын пайдалана отырып толтырылады.

342.00 нысан бойынша Есепке қою туралы өтініш екі данада келу тәртібінде беріледі, оның біреуі салық органының белгісімен салық төлеушіге қайтарылады.

342.00 нысан бойынша екі өтініште 2002 жылғы 1 қаңтардан 31 қаңтарға шейінгі кезеңде қара-ақ гаммада беріледі.

6. Қосылған құн салығы бойынша есепке қойылған жағдайда, Қазақстан Республикасының салық төлеушісі ретінде мемлекеттік тіркеумен бір уақытта Есепке қою туралы өтініш тұлғаны салық төлеуші ретінде мемлекеттік тіркеу рәсімін өтуге өтініш беру көзделген нысан бойынша салық комитетіне беріледі.

7. Есепке қою туралы өтінішті алу кезінде салық органы салық төлеуші болғанда, жіберілген белгілерге қатаң шектелген тізімі бар өтініш нысанының жолының толтырылу дұрыстығын, көрсетілген мәліметтердің толықтығын тексереді және оны өңдеуді жүзеге асырады.

8. Толтыру кезінде жіберілген қателер табылған кезде, өтініш жою үшін салық төлеушіге қайтарылады.

9. Есепке қою туралы өтініште анықталған қателер жойылғаннан кейін салық органы Есепке қою туралы өтініш қабылданғаны туралы белгі қояды.

10. Салық органы екі жұмыс күні ішінде салық төлеушіге Куәлік не Есепке қою туралы өтініште көрсетілген тіркеу деректерімен сәйкессіздік табылған жағдайда, салық төлеушіге қосылған құн салығы бойынша есепке қоюдан бас тартудың уәждемеленген себебін хабарлайды.

3. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы салық органының шешім қабылдау негіздемесі және шешімі

11. Салық тексеруі кезінде салық төлеушіде Кодекстің 208-бабының 3-тармағымен белгіленген өткізу бойынша кіші айналым мөлшерінен кез-келген кезең үшін жиынтық айқындалған (он екі айлықтан артық емес) тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) өткізу бойынша айналым мөлшерінің асып түсуі анықталған жағдайда, салық тексеруінің актісі негізінде салық органы он

бес жұмыс күні ішінде осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны Есепке қою туралы шешімді ресімдейді.

Ресімделген Есепке қою туралы шешімге салық органы басшысының болмаса оның орнын ауыстыратын тұлғаның қолы қойылады және салық төлеушінің іс қағазында сақталады.

Ескерту: 11-тармақ өзгертілді - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен.

12. Салық төлеушінің қосылған құн салығы бойынша есепке қойылғаннан кейін салық органы салық төлеушіге "Салық міндеттемелерін орындау бойынша салық қызметі органдарының хабарламалар нысандарын бекіту туралы" (бұдан әрі - Хабарлама) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс Министрінің 2001 жылғы 28 қазандағы N 1466 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша салық заңнамасын бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны жібереді. Хабарламаны толтыру кезінде бұзушылықтың мәнін сипаттайтын жолдарда мынадай мазмұндағы мәтін көрсетіледі:

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 208-бабының 9-тармағына және салық органының 20_ жылғы "___" _____ N _____ шешіміне сәйкес Сіз қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркелдіңіз. Сіз 20__ жылғы "___" _____ бастап "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 8-бөліміне сәйкес қосылған құн салығын есептеу мен төлеуді жүргізуге міндеттісіз.

Салық төлеуші қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қою туралы салық органына өтініш беру мерзімін бұзғаны үшін айыппұлдың есептелген сомасы бөлігінде салық тексеруі актісі бойынша хабарламаға шағым жасаған жағдайда, қосылған құн салығы бойынша есепке қою шағымды қарау қорытындысы бойынша Кодекспен белгіленген тәртіппен шешім қабылданғанға дейін тоқтатыла тұрады.

Қосылған құн салығын төлеуші ретінде есепке қою туралы салық органына өтініш беру мерзімін бұзғаны үшін айыппұлдың есептелген сомасы бөлігінде салық тексеруі актісі бойынша хабарламаны өзгерткен жағдайда қосылған құн салығы бойынша есепке қою жүргізілмейді.

Ескерту: 12-тармақ толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен.

4. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлік

13. Куәлік Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңымен белгіленген тәртіпте салық органы ресімдейді.

Куәлік қатаң есептеме бланкісі болып табылады.

14. Куәліктің нөмірі оңнан солға қарай мыналар сипатталатын сандардың дәйектілігінен тұратын сандық код ретінде қалыптасады:

Сериясы	XX	X	XX	Нөмірі	XXX...
Фасет 1 Фасет 2 Фасет 3			Фасет 4		

фасет 1 - қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы өтініш қабылдаған қалалық (аудандық) салық органы бағынысты болып табылатын облыстар, Астана, Алматы қалалары бойынша салық органының коды;
фасет 2 - қосылған құн салығының коды;
фасет 3 - құжаттың коды (05 - Куәліктің түпнұсқасы, 15 - Куәліктің көшірмесі)
;
фасет 4 - берілген Куәліктің реттік нөмірі.

15. Тіркелген қосылған құн салығын төлеушіге берілген Куәліктің сериясы және нөмірі туралы мәлімет қосылған құн салығын төлеушілер туралы дерекқорға хабарланады.

16. Куәлік осы Ережеге 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша салық органында жүргізілетін берілген Куәліктерді есепке алу Журналында қол қою жолымен қосылған құн салығын төлеушіге беріледі.

Куәлік салық төлеушіде сақталады.

17. Куәлік бүлінген немесе жоғалған жағдайда, қосылған құн салығын төлеуші осы Ережеге 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Куәліктің көшірмесін алуға салық органына өтініш береді. Куәліктің көшірмесі түпнұсқаның көшірмесі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Куәлік бүлінген жағдайда, Куәліктің көшірмесін алуға өтінішке Куәліктің б ү л і н г е н б л а н к і с і қ о с а б е р і л е д і .

Ресімделген Куәліктің көшірмесі салық органының басшысының немесе оны ауыстыратын тұлғаның қолымен және салық органының мөрімен расталады.

5. Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару тәртібі

Ескерту: 5-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

18. Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару (бұдан әрі - есептен шығару) салық төлеушілер туралы тіркеу деректеріне тиісті мәліметтерді енгізу және қосылған құн салығын төлеушілер туралы деректер қорынан осындай салық төлеушілерді бұдан әрі шығару әдісімен жүзеге асырылады.

19. Кодекстің 210-бабына сәйкес есептен шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) егер соңғы он екі айлық кезең үшін қосылған құн салығын төлеушінің салық салынатын айналымының мөлшері салық салынатын айналымның ең аз мөлшерінен аспаса. Қосылған құн салығын төлеуші мұндай құқықпен қосылған құн салығы бойынша есепке қою сәтінен бастап екі жыл өткеннен ерте емес пайдалана алады;

2) егер қосылған құн салығын төлеуші салық салынатын айналыммен байланысты қызметін тоқтатса;

3) салық органы қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын жұмыс істемейтін заңды тұлғаны тапқан кезде;

4) Қазақстан Республикасы салық төлеушілерінің мемлекеттік тізілімінен шығарумен бір уақытта қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын заңды тұлға тартылған;

5) мемлекеттік тіркелімінен шығарумен бір уақытта қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын жеке кәсіпкердің қызметі тоқтатылған.

20. Есептен шығару:

1) осы Ережелердің 19-тармағының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, қосылған құн салығын төлеушінің қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы салық органына берген өтінішінің (бұдан әрі - Есептен шығару туралы өтініш);

2) осы Ережелердің 19-тармағының 3) тармақшасында, сондай-ақ егер қосылған құн салығын төлеуші осы қызмет тоқтатылған салық кезеңінен кейін алты ай аралығында салық органына өтінішпен жолданбаса, көрсетілген тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы салық органының шешімінің (бұдан әрі - Есептен шығару туралы шешім) негізінде жүргізіледі.

21. Заңды тұлғаның қосылған құн салығын дербес төлеуші болып табылатын құрылымдық бөлімшелері:

1) осындай құрылымдық бөлімшенің өтініші;

2) құрылымдық бөлімшені (құрылымдық бөлімшелерді) есептен шығару туралы заңды тұлғаның өтініші;

3) заңды тұлғаны тұтастай есептен шығарған жағдайда, заңды тұлғаның өтініші бойынша есептен шығарылуға жатады.

22. Есептен шығару туралы өтініш салық органына мынадай нысандар бойынша беріледі:

1) осы Ережелердің 19-тармағының 1), 2) тармақшаларында және 21-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген жағдайларда осы Ережелердің 5 қосымшасына сәйкес 362.00 нысан бойынша;

2) осы Ережелердің 19-тармағының 4), 5) тармақшаларында және 21-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген жағдайларда салық төлеушінің тіркелу есебінен шығу рәсімдерінен өту үшін өтініш беруге арналған нысан бойынша ;

3) осы Ережелердің 19-тармағының 1), 2) тармақшаларында және 21-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген жағдайда осы Ережелердің 6-қосымшасына сәйкес 372.00 нысан бойынша.

23. Есептен шығару туралы өтініш осы Ережелердің 5-тармағында белгіленген тәртіп бойынша толтырылады және беріледі.

24. Тұлға Есептен шығару туралы арыз берген кезеңнен кейінгі салық кезеңінің бірінші күнінен бастап қосылған құн салығын төлеуші болуын тоқтатады.

25. Есептен шығару туралы арызға салық төлеуші бұрын оған берілген Куәлікті (түпнұсқа, немесе оның телнұсқасы), ал есептен құрылымдық бөлімшелер шығарылған жағдайда мұндай құрылымдық бөлімшелерді есепке қою туралы Куәлікті қоса береді.

6. Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару туралы салық органының шешім қабылдауының негізі және тәртібі

Ескерту: 6-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

26. Салық органы 382.00 нысан бойынша Есептен шығару туралы шешімді осы Ережелердің 7-қосымшасына сәйкес мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) егер қосылған құн салығын төлеуші салық салынатын айналыммен байланысты қызметін тоқтатса және ондай қызмет аяқталған салық кезеңінен кейін алты ай өткенше есептен шығару туралы өтінішпен салық органына жолданбаса. Бұл кезде қосылған құн салығын төлеуші салық салынатын айналыммен байланысты қызметін тоқтатты деп есептеудің негіздемесі болып көрсетілген салық төлеуші берген қосылған құн салығы бойынша декларациямен расталған, көрсетілген кезең ішінде салық төлеуші тек қана қосылған құн салығынан босатылған айналымды жүзеге асыру фактісі табылады.

Есептен шығару туралы шешімді салық органы салық тексеруі өткеннен кейін он бес жұмыс күні өтуі бойынша қабылдайды;

2) егер салық органы қосылған құн салығын төлеуші болып табылатын әрекет етпейтін заңды тұлғаны тапса.

27. Қосылған құн салығын төлеуші - әрекет етпейтін заңды тұлғаны есептен шығару кезінде салық органы оны қосылған құн салығын төлеушілер туралы дерекқордан шартты түрде алып тастауды жүзеге асырады.

28. Қосылған құн салығын төлеушілер туралы дерекқордан шартты түрде алып тастаумен байланысты есептен шығару туралы шешімді салық органы бір

уақытта мынадай талаптар сақталған жағдайда қабылдайды:

1) егер қосылған құн салығын төлеушінің қосылған құн салығы бойынша салық берешегі болмаса;

2) егер қосылған құн салығын төлеуші оларды берудің Салық кодексімен белгіленген мерзімінен кейін он екі айлық кезең ішінде қосылған құн салығы бойынша декларацияны бермесе.

29. Қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн салығын төлеушілер туралы дерекқордан шартты түрде алып тастаумен байланысты есептен шығарған кезде оның Куәлігінің нөмірін оқшаулау және қосылған құн салығын төлеушілер туралы дерекқорға шартты түрде алып тастаумен байланысты есептен шығару туралы белгі соғу мәліметін енгізу жүргізіледі.

30. Қосылған құн салығын төлеушілер туралы дерекқордан шартты түрде алынып тасталған қосылған құн салығын төлеушіні қалпына келтіру, олар осы Ережелердің 28-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген кезең үшін қосылған құн салығы бойынша декларация берген жағдайда жүзеге асырылады.

31. Есептен шығару туралы шешімге салық органының басшысы немесе оны алмастырушы тұлға қол қояды және салық төлеушінің ісінде сақталады.

7. Қосылған құн салығын төлеушіні тіркеу есебінің мәселелері

Ескерту: 7-тараумен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

32. Қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебін қосылған құн салығын төлеушінің тұрғылықты жері бойынша салық органы жүргізеді және салық төлеушіні қосылған құн салығын төлеушілер туралы дерекқорға енгізумен басталады.

33. Орналасқан жері өзгерген жағдайда қосылған құн салығын төлеуші бұрынғы орналасқан жері бойынша қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебінен шығарылуға және салық төлеушінің тіркелу есебінен шығу рәсімдерінен өтуге өтініш беру үшін көзделген нысанда салық органына берген өтініш негізінде жаңа орналасқан жерінде қосылған құн салығы бойынша тіркеу есебіне тұруға жатады. Бұл кезде өтініш бұрынғы орналасқан жері бойынша немесе жаңа орналасқан жері бойынша (қосылған құн салығын төлеушінің таңдауымен) беріледі. Мұндай өтінішті алған кезде салық органдары қосылған құн салығын төлеушіні өздері жүргізген тіркелу есебінен (тіркеу есебіне) шығару (қою) бойынша жүргізілген қажетті рәсімдер туралы тиісті хабарламалармен алмасады.

Қосылған құн салығын төлеуші бұрын қосылған құн салығы бойынша есепте тұрған салық органы, көрсетілген қосылған құн салығын төлеушіні қосылған құн

салығын төлеушілердің жергілікті дерекқорынан шығарады.

Жаңа орналасқан жері бойынша салық органы бұрын оған берілген Куәлікті қайтарып алмастан және жаңасын берместен оны қосылған құн салығын төлеушілердің жергілікті дерекқорына енгізеді.

**ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША НЫСАН 342.00 БЕТ 01
ЕСЕПКЕ ҚОЮ ТУРАЛЫ ӨТІНІШІ**

Қосылған құн салығы бойынша
салық төлеушіні есепке қою
және Қосылған құн салығы
бойынша есепке қою туралы
куәлікті беру ережесіне
1 қ о с ы м ш а

Осы нысанды жасау ережесін оқыңыз .

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! +, /, %, Z белгілерін пайдаланбаңыз, ҚАРА немесе КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПА әріптермен толтырыңыз.

Бөлім. Өтініш _____

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 208-бабына
сәйкес қосылған құн салығын төлеуші ретінде тіркеуіңізді сұраймын:

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

342.00.001 Салық төлеушінің заңды атауы (көрсетілген тілдердің
кез-келгенінде көрсетіңіз)

А Мемлекеттік _____
тіл _____

В Орыс тілі _____

С Ағылшын тілі _____

342.00.002 Салық төлеушінің аты-жөні
Мемлекеттік тіл:

А Тегі _____

В Аты _____

С Әкесінің аты _____

О р ы с т і л і

А Тегі _____

В Аты _____

С Әкесінің аты _____

А ғ ы л ш ы н т і л і

А Тегі _____

В Аты _____

С Ә к е с і н і ң
аты _____

342.00.003 Салық төлеушінің СТН

Ө т і н і ш б е р г е н

күн _____

Салық комитетінің коды
Салық комитетінің Өтінішті
Қабылдаған лауазымды тұлға
толтырады
Өтінішті қабылдаған

күн _____

СТН 342.00 НЫСАН 02

Б Е Т

Салық органының белгісі
342.00.005 Құжат берілді: ҚҚС төлеушінің куәлігі

А Б е р і л г е н к ү н

В Қ ұ ж а т т ы ң с е р и я с ы

С Қ ұ ж а т т ы ң н ө м і р і

Белгі жасалған күн _____

Қосылған құн салығы бойынша салық
құн салығы бойынша есепке қою
туралы куәлікті беру ережесіне

2 қосымша

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША

ЕСЕПКЕ ҚОЮ ТУРАЛЫ

САЛЫҚ ОРГАНЫНЫҢ ШЕШІМІ

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"
Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 208-бабының 9-тармағына

сәйкес салық төлеушіні қосылған құн салығы бойынша есепке қою жүзеге

асырылсын :

1 Салық төлеушінің _____
аты-жөні немесе атауы _____

2 Салық төлеушінің СТН _____

3 Қосылған құн салығы бойынша _____
есепке қойған күн _____ Күні, айы, жылы санмен

4 Салықтық тексеру Актінің _____ Актіге қол
актісі _____ нөмері _____ қойылған күн _____
Күні, айы, жылы санмен

5 Салық салу айналымының ең аз шамасының _____
артуы белгіленген салық кезеңі _____ Айы, жылы санмен

Шектеу сызығынан шықпаңыз _____ Шешім қабылдаған
_____ / _____ / _____ күн

Салық органының басшысының немесе Қолы _____
оны ауыстыратын тұлғаның аты-жөні _____ Айы, күні, жылы санмен
Салық органының

коды _____

М.О.

Қосылған құн салығы бойынша салық
төлеушіні есепке қою және Қосылған
құн салығы бойынша есепке қою
туралы куәлікті беру ережесіне

3 қосымша

СЕРИЯЛЫ

**БЕРІЛГЕН ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША ЕСЕПKE
ҚОЮ ТУРАЛЫ КУӘЛІКТІ ЕСЕПKE АЛУ ЖУРНАЛЫ**

Р\N|Куәлік.|Салық | Салық | Салық |Салық |5-баған.|Куәлік.|7-ба.
N | тің |төлеу.|төлеуші.|төлеуші.|төлеуші.|да көрсе|алуға |ғанда
|номері |шінің | нің | нің |ге Куә. |тілген |уәкі. |көрс
| | СТН |аты-жөні|Куәлікті|лікті | салық |летті |тіл.
| | |немесе | алған |берген | органы |салық |ген
| | | атауы | күні |салық ор|қызмет. |төлеуші|тұл.
| | | | | |ганының |керінің |нің өкі|ғаның
| | | | | |қызмет. |қолы |лінің |қолы
| | | | | |керінің | | |аты-жөні|

				аты-жөні			
1	2	3	4	5	6	7	8

Қосылған құн салығы бойынша салық төлеушіні есепке қою және Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәлікті беру ережесіне 4 қосымша

**ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ БОЙЫНША
ЕСЕПКЕ ҚОЮ ТУРАЛЫ КУӘЛІКТІҢ
КӨШІРМЕСІН АЛУҒА
ӨТІНІШ**

Осы нысанды жасау ережесін оқыңыз. НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! +, /, %, Z белгілерін пайдаланбаңыз, ҚАРА немесе КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАС БАСПА белгілермен толтырыңыз.

Бөлім. Өтініш

Қосылған құн салығы бойынша есепке қою туралы куәліктің көшірмесін куәліктің бұлінуі _____ не жоғалуына _____ байланысты (тиісті _x_ тор көзде көрсетіңіз) беруіңізді сұраймын:

Бөлім. Салық төлеуші туралы жалпы ақпарат

352.00.001 Салық төлеушінің заңды атауы (көрсетілген тілдердің кез-келгенін көрсетіңіз)

A Мемлекеттік _____
тіл _____

B Орыс тілі _____

C Ағылшын тілі _____

352.00.002 Салық төлеушінің аты-жөні
Мемлекеттік тіл:

A Тегі _____
B Аты _____
C _____
аты _____

Ә к е с і н і ң

О р ы с т і л і

A Тегі _____
B Аты _____
C _____
аты _____

Ә к е с і н і ң

A Ғ ы л ш ы н т і л і

A Тегі _____
B Аты _____
C _____
аты _____

Ә к е с і н і ң

352.00.003 Салық төлеушінің СТН

352.00.004 ҚҚС төлеушінің куәлігі

A Берген күн _____ C Құжаттың нөмірі _____

B Құжат сериясы _____ D Бүлінуі немесе жоғалу күні _____

Өтініш берген күн _____

Салық комитетінің коды
Салық комитетінде Өтінішті
қабылдаған лауазымды тұлға
т о л т ы р а д ы

Өтініш қабылдаған күн

Қосылған құн салығы бойынша
есепке қою Ережесіне,
қосылған құн салығы бойынша
есепке қою туралы куәлік беруге,
қосылған құн салығы бойынша
есептен шығаруға
5-қосымша

Ескерту: 5-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

Қосылған есептен өтініш құн салығы бойынша шығару туралы

Осы нысанды жасау Ережелерін оқыңыз.
НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен, БАСПА ӘРІПТЕРМЕН толтырыңыз.

Бөлім. Өтініш

362.00.001 Өтініш беруші (Тиісті х торкөзде көрсетіңіз):

А Заңды тұлға В Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі
 С егер В тармағы көрсетілсе, онда заңды тұлға бұйрығының N мен күнін көрсетіңіз _____
 N Күн, ай, жыл сандармен

Мыналарға байланысты қосылған құн салығын төлеу бойынша есептен шығаруыңызды сұраймын:

А салық салынатын айналымдарға В салық салынатын ең төмен байланысты қызметін тоқтатқан айналым мөлшеріне жағдайда жетпегеннен

362.00.002 Өтініш берушінің _____
 СТН-і

362.00.003 Қосылған құн салығын төлеушінің заңды атауы (кез-келген тілдердің біреуімен көрсетіңіз)

А Мемлекеттік тіл _____
 В Орыс тілі _____
 С Ағылшын тілі _____

362.00.004 Құрылымдық бөлімшелері бар ма:

А Ия В Жоқ

362.00.005 Құрылымдық бөлімшелері ҚҚС төлеуші болып табыла ма:

А И я В Ж о қ

362.00.006 Аты - жөні: _____
 Мемлекеттік тіл

А Тегі _____
 В Аты _____
 С Әкесінің _____
 аты

О р ы с

т і л і

A Тегі

B Аты

C Әкесінің

а т ы

А ғ ы л ш ы н

т і л і

A Тегі

B Аты

C Әкесінің

а т ы

362.00.007 ҚҚС төлеушінің куәлігі

A Берген күні

Күн, ай, жыл сандармен

B Құжаттың сериясы

C Құжаттың нөмірі

(Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ)

(Салық төлеуші басшысының аты-жөні)

(Қолы)

Ө т і н і ш т і

берген күн

Күн, ай, жыл сандармен

М.О.

(Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ)

(Салық органында Өтінішті қабылдап
алған тұлғаның аты-жөні)

(Қолы)

Салық комитетінің

коды _ _ _

(салық органында

Өтінішті

қабылдаған

лауазымды тұлға.
мен толтырылады)

Өтінішті қабылдап

алған күні

Күн, ай, жыл сандармен

М.О.

САЛЫҚ

ОРГАНЫНЫҢ

БЕЛГІСІ

Есептен

шығарылсын Күн, ай, жыл сандармен

Куәлік (телнұсқа) қайтарылды:

А Ия

В Жоқ

(Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ)

Белгі қойған

(Қол қойған тұлғаның аты-жөні

(Қолы) | Күн, ай, жыл

сандармен

М.О.

Қосылған құн салығы бойынша

есепке қою Ережесіне,

қосылған құн салығы бойынша

есепке қою туралы куәлік беруге,

қосылған құн салығы бойынша

есептен шығаруға

б-қосымша

Ескерту: б-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

Нысан 372.00 Бет 01

Құрылымдық

бөлімшенің

қосылған

құн

салығы

бойынша

есептен

шығару

туралы

өтініш

Осы нысанды жасау Ережелерін оқыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! ҚАРА не КӨК сиялы қаламмен немесе қаламұшпен,

БАСПА

ӘРІПТЕРМЕН

толтырыңыз.

Бөлім. Өтініш

Қосылған құн салығын орталықтырған түрде төлеу жөнінде қабылдаған шешімге байланысты құрылымдық бөлімшенің қосылған құн салығын төлеуші ретінде қосылған құн салығы бойынша есептен шығаруыңызды сұраймын

Бөлім. Салық төлеуші - заңды тұлға туралы

жалпы ақпарат

372.00.001 Заңды тұлғаның СТН-і _____

372.00.002 ҚҚС төлеуші - заңды тұлғаның куәлігі

А Берген күні _____ С Құжаттың нөмірі _____

В Құжаттың сериясы _____

372.00.003 Қосылған құн салығын төлеушінің заңды атауы
(кез-келген тілдердің біреуімен көрсетіңіз)

А Мемлекеттік тіл _____

В Орыс тілі _____

С Ағылшын тілі _____

Бөлім. Құрылымдық бөлімше туралы жалпы ақпарат

372.00.004 Қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылуға тиіс
құрылымдық бөлімшелердің саны _____

Қосылған құн салығы бойынша есептен шығарылуға тиіс
құрылымдық бөлімшелердің тізімі, қоса беріп отырмын.

(Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ	/	_____	/
(Салық төлеуші басшысының аты-жөні)		(Қолы)	

Ө т і н і ш т і

берген күн _____
Күн, ай, жыл сандармен
М.О.

(Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ	/	_____	/	Салық комитетінің
(Салық органында Өтінішті қабылдап		(Қолы)		коды _ _ _
алған тұлғаның аты-жөні)				(салық органында
				Өтінішті қабылдаған
				лауазымды тұлғамен

толтырылады)

Өтінішті қабылдап _____
алған күні Күн, ай, жыл сандармен
М.О.

СТН _____

Құрылымдық бөлімшелердің тізімі

А	Н	В	СТН	С	Қосылған құн салығын төлеу бойынша есепке қою туралы куәлік	Д	Құрылымдық бөлімше. нің тіркеу орны бойынша салық органының коды
---	---	---	-----	---	---	---	--

Қосылған құн салығы бойынша
есепке қою Ережесіне,
қосылған құн салығы бойынша
есепке қою туралы куәлік беруге,
қосылған құн салығы бойынша
есептен шығаруға
7-қосымша

Ескерту: 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 2002 жылғы 20 қарашадағы N 581 бұйрығымен .

Нысан 382.00 бет 01

**Құрылымдық бөлімшенің қосылған
құн салығы бойынша есептен шығару
туралы салық органының
шешімі**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 210-бабы 2-тармағына сәйкес қосылған құн салығы бойынша есептен шығару жүзеге асырылады:

1 Салық төлеушінің _____
а т ы - ж ө н і н е м е с е а т а у ы

2 Салық төлеушінің СТН-і _____

3. Қосылған құн салығы бойынша есепке қою куәлігі

А Берген күні _____ С Құжаттың нөмірі _____
Күн, ай, жыл сандармен

В Құжаттың сериясы _____

4 Қосылған құн салығы бойынша есептен шығарудың негіздемесі
(Тиісті X торкөзде көрсетіңіз):

А Салық салынатын айналымдарға байланысты қызметін тоқтатқан жағдайда
В Қосылған құн салығын әрекетсіз төлеушіні тапқан жағдайда

5 Салық тексеруі актісі (Шешімнің 4-тармағында көрсетілген негіздеме бойынша есептен шығарғанда толтырылады):

А А к т і В А к т і г е қ о л
нөмірі _____ қойған күн _____
Күн, ай, жыл сандармен

6 Қосылған құн салығы бойынша есептен шығару күні

| (Шектеу сызығынан ШЫҚПАҢЫЗ |
| _____ / _____/ |
| (Салық органы басшысының немесе оның (Қолы) |
| /орнындағы тұлғаның аты-жөні) |
| _____ |

Шешімді қабылдаған _____ Салық комитетінің
күн _____ коды _____
К ү н , а й , ж ы л с а н д а р м е н
М.О.